

<https://doi.org/10.31489/2024Ph2/6-20>

ӨОЖ 811.512.122

Мақаланың редакцияға түскен күні: 12.09.2023 ж.

Қабылданған күні: 25.01.2024 ж.

Б.А. Жүнісова*

*Ататүрік университеті, Түркітану институты, Ерзурум, Түркия
(bayan75-75_75@mail.ru)*

Қазақ және түрік тілдеріндегі жалғаулықтар

Жалғаулықтар тілде көмекші сөздер қатарынан орын алатын сөздер тобына жатады. Жалғаулықтардың өз алдына нақты дербес лексикалық мағынасы болмағанымен, сөйлемде белгілі бір грамматикалық мағынаға ие болып, сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып отырады. Осылайша сөз бен сөйлем арасындағы мағыналық қатынасты сақтай отырып айтылымның жігін сақтап, жүйелі түрде жеткізуге өзіндік үлес қосады. Демек, жалғаулық шылаулар — сөйлемдегі бірнеше сөзді, сөз тіркесін және сөйлемдерді бір-бірімен селбестіріп, олардың арасында түрлі деңгейде байланыс орнататын грамматикалық сөздер. Бұл тұрғыдан алғанда, жалғаулықтар түркі тілдері синтаксисінің коммуникативтік мүмкіндігін арттырады. Бір сөзбен немесе бір сөйлеммен жеткізуге келмейтін ойлар жалғаулықтар арқылы күрделене әрі жүйелене түседі, эстетикалық бір әңгімеге айналады. Мақалада жалғаулық шылаулар қазақ және түрік тілдерінде жарық көрген грамматикалық кітаптар мен көркем мәтіндер негізінде анықталып, олардың құрылымы, мағыналық тобы мен атқаратын қызметтері айқындалған. Қазақ және түрік тілдеріндегі жалғаулық шылаулардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары сөз болады. Осы тұрғыда қазақ және түрік тіліндегі жалғаулықтардың құрылымы мен қызметінің жіктелуі егжей-тегжейлі қарастырылады. Осылайша қазақ және түрік тілдеріндегі жалғаулықтардың зерттелуіне өзіндік үлес қосады деген ойдамыз.

Кілт сөздер: қазақ тілі, түрік тілі, шылау, жалғаулық, лексикалық мағына, грамматикалық мағына, семантикалық классификация, морфологиялық құрам, терминдік атау, гипотаксис.

Kipicne

Қазіргі қазақ грамматикасында жалғаулықтардың тіл жүйесінде алатын орнына қарай мағыналарын анықтау қажеттілігі туындауда. Жалғаулықтардың қазіргі күнге дейін функционалдық қызметі толықтай шешімін тапты деп айтуға келмес. Сондықтан жалғаулықтардың грамматикалық қызметін нақтылап, жүйелеу — қажеттіліктен туындап отырған мәселе. Жалпы, белгілі бір тілдің тарихы туралы сөз болғанда сол тілді әуелі туыстас, жақын тілдердің табиғатымен салыстырып зерттеп алу керек. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі жалғаулықтар туралы мәселені сөз етпестен бұрын өзге түркі тілдеріндегі зерттелуіне назар аудару керек деген ойдамыз. Жалғаулықтардың бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді байланыстыратын жалпы қызметі айтылғанымен, олардың жеке тілдерде зерттелуі назардан тыс қалып отыр. Осы қажеттілікті өтеу үшін қазақ және түрік тіліндегі жалғаулықтардың зерттелуіне, олардың қызметтеріне тоқталуды жөн көрдік.

Қазақ және түрік тілдерінде жалғаулық шылауларға тән негізгі ортақ белгілерді жалпы былайша саралауға болады. Жалғаулық шылаулар — тілдегі лексика-грамматикалық категория. Қазақ тілінде жалғаулықтар септеулік, демеуліктермен бірге шылаулар деп аталатын сөз табының құрамында

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: bayan75-75_75@mail.ru

карастырылады. Ал түрік тілінде септеуліктер мен демеуліктер бір сөз табы ретінде, ал жалғаулық шылаулар бөлек бір сөз табы ретінде қарастырылады. Жалғаулық шылаулардың өз алдына дербес лексикалық мағынасы болмайды. Сондай-ақ белгілі бір затты, іс-әрекетті, сапаны білдіре алмайды. Олардың тек абстрактілі-грамматикалық мағынасы ғана болады. Бұл грамматикалық мағына атауыш сөздердің жетегінде ғана көрінеді. Сонымен қатар сөйлемде жеке сөйлем мүшесінің қызметін атқара алмайды. Олар тек сөздер мен сөйлемдер арасында көмекшілік қызмет атқарады. Бұл — екі тілдегі жалғаулық шылауларға тән негізгі ортақ белгілер. Сонымен, екі тілдегі жалғаулық шылаулар туралы мәселелерді жалпылама түрде былайша топтаймыз:

- 1) Жалғаулық шылаулардың зерттелуі қазақ және түрік тілдерінде қалай қолға алынған?
- 2) «Жалғаулық» терминінде ортақтық бар ма?
- 3) Жалғаулықтар морфологиялық құрамы мен мағыналық тобына қарай қалай жіктеледі?

Міне, осы сияқты туындап отырған мәселелерді анықтау үшін төмендегідей мақсат, міндеттерді басшылыққа алуға тырыстық.

Мақсат пен міндеттер. Қазақ және түрік тілдерінде жалғаулықтар жөнінде біраз түйткілді мәселелер бар екендігі белгілі. Сондықтан бұл мақаланың мақсаты — жалғаулықтардың морфологиялық құрамы мен функционалдық қызметін диахрониялық және синхрониялық талдау арқылы нақтылау. Осыған орай мынадай міндеттер қолға алынды:

- жалғаулық шылаулардың терминдік атауын нақтылау;
- қазақ және түрік тілдеріндегі жалғаулық шылауларға берілген анықтамалардың жүйелілігін, ортақтығын саралау;
- жалғаулықтардың морфологиялық құрамын анықтап талдау;
- екі тілдегі жалғаулықтардың лексикалық мағынасына қарай жіктелуін салыстыру;
- қазақ және түрік тіліндегі жалғаулық шылаулардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсету.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Мақала диахрониялық және синхрониялық негізде жалпылай және жалқылай талдау әдістері арқылы дайындалды. Қазақ және түрік тілдерінде берілген теориялық мәліметтер бүтіннен бөлшекке немесе бөлшектен бүтінге қарай жылжу арқылы жинақталып отырылады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Қазақ тіл білімінде жалғаулық шылау жайлы алғашқы ұғым А. Байтұрсынұлының XX ғасырдың басында жазылып, кейін жинақ ретінде жарық көрген «Тіл тағылымы» еңбегінен көрінеді. Ғалым бұл еңбегінде шылауларды екіге (демеу, жалғаулық) бөліп қарастырады да, жалғаулық шылаудың семантикалық бір түрі талғау мәнді жалғаулықтарды (я, не, немесе) демеулікке жатқызады, сондай-ақ демеулік шылаудың анықтамасын бергенде сөйлем мен сөйлемді байланыстыратынына назар аудартады: «Демеу дегеніміз — екі сөздің арасын яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер» [1, 166; 195]. Сөйтіп, *Я ол тұрар, я мен тұрамын. Бұл жұмыс я бітер, я бітпес. Не ол тұрар, не мен тұрармын* деген сөйлемдердегі талғаулықтарды демеулік деп көрсетеді.

Ал жалғаулықтар туралы: «Кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз», — деген анықтама бере отырып, *менен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы* деген шылауларды түгелдей жалғаулықтарға жатқызады [1, 167].

Қ. Жұбанов та өз еңбегінде «жалғауыштар» деген атау береді. Ғалым шылауларды «қосалқылар және жалғауыштар» деп бөледі, жалғауыштар дегені — қазіргі жалғаулықтар [2, 162].

Н. Сауранбаев «Қазақ тіл білімінің проблемалары» атты еңбегінде шылаулардың екі түрін көрсетеді: 1) *жалғауыштар*; 2) *қосымшалықтар*. «Жалғауыштар сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы екі түрлі байланысты білдіреді. Біреуі — салаластық байланыс, екіншісі — сабақтастық байланыстар. Мысалы: *Асан мен Мұқаш биыл өте жақсы оқып жүр* (сөз бен сөздің арасындағы салалық байланыс). *Оқу бітісімен, Асан ауылға кетті* (сөйлем мен сөйлем арасындағы сабақтастық байланыс)» [3, 34].

Қосымшалық шылауыштарға мысалы: *дәл, ылғи, дереу, сияқты, емес, керек, шығар* және *ғой, ғана, ау, ақ* сияқты сөздер. Бұлардың сөздерге қосымша, үстеме мағына беретіндігін айтады [3, 35]. Ғалым жалғауыштар құрамына қазіргі септеуліктер мен жалғаулық шылауларды, ал қосымшалық дегеніне демеуліктермен бірге үстеу мәнді сөздерді, көмекші есімдерді кіргізген.

С. Аманжолов жалғаулық шылаулар туралы былай дейді: «Шылаулар — сөйлемдегі сөздердің басын қосуда ерекше орны бар дәнекерлік қызмет атқаратын нәрсе. Қазақ тілінде шылаулардың екі түрі бар: жалғаулық және демеуліктер. Жалғаулық шылаулар қатарына сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлем арасын біріктіретін, бірақ өз алды жеке жазылатын сөзсымақтар кіреді (*да, та, не, немесе, бірақ, я, яки, және, алде, әрі* т.б.)», – дейді [4, 42]. Қолданылуына қарай екіге бөледі:

«а) Екі сөйлем ортасында, я бір сөйлем ортасында қолданылады. Олар: *не, немесе, дегенмен, алайда, сөйткенмен, біресе, кейде, мейлі, құй* т.б. *Клубта кейде кино болады, кейде қызықты баяндамалар тыңдалады. Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек. Сенде қыранның жүрегіндей жүрек бар, бірақ сен әлі жассың.*

ә) Бір сөйлем ортасында, я екі сөз арасында қолданылатын жалғаулықтар. Олар: *және, мен, да, де* т.б. *Бұл уақыттың ішінде ел де өзгеріп кетіпті, адамдар да өзгерді*» [4, 42].

Қазақ тілінде жалғаулықтарды арнайы зерттеген ғалым — Р. Әміров. Ғалым 1955 жылы «Қазақ тілінің жалғаулықтары» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. 1959 жылы аталған тақырыпта ғылыми монографиясын шығарды. Ғалым бұл еңбектерінде қазақ тіліндегі жалғаулық шылауларды жан-жақты зерттеп, тереңірек қарастырған. Осы еңбегінде былай дейді: «Тиянақты формада келіп, өзара тең тұрған сөздерді, сөйлемдерді (яғни бірыңғай мүшелер, салаластар) байланыстырады, солардың арасындағы грамматикалық қатынастарды білдіреді» [5, 19].

М. Балақаев та «жалғаулық» терминін қолданады. Ғалым жалғаулықтарды бір категория ретінде: «Шылау сөздердің негізгі тарауының бірі — жалғаулықтар. Қазақ тілінде жалғаулық категориясы етек алып, мардымды дами алмаған, олардың саны көп емес, аз. Олардың саны аз болғанымен, сөйлем мен сөйлемді, сөз бен сөзді байланыстыру қызметі күшті, көп жұмсалады. Оның ішінде аса көп жұмсалатындары: *ғана, бірақ, да, мен, не иә, немесе, сондықтан* т.б.» [6, 20], – деп көрсетеді.

Ә. Төлеуов «Сөз таптары» атты еңбегінде жалғаулықтарға байланысты былай дейді: «...сөйлем мен сөйлемді, сөз бен сөзді өзара байланыстыру үшін жұмсалатын шылаулар» [7, 122].

Ғ. Әбуханов «Қазақ тілі» атты еңбегінде: «Жай сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің немесе құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің арасын байланыстыру үшін қолданылатын шылаулардың түрін жалғаулық шылаулар дейміз» [8, 215], – дейді.

А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде жалғаулықтарды: «Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді. Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болады» [9, 363], – деп түсіндіреді.

С. Исаев жалғаулықтардың сөйлемде бірыңғай мүшелерді де байланыстыруда белсенді жұмсалатынын ескергенімен, «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты еңбегінде жалғаулықтар туралы былай дейді: «Жалғаулықтар бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді бірдей байланыстырып, олардың арасындағы әр түрлі қатынасты білдіреді» [10, 329].

Ал К. Аханов жалғаулық шылаулар арқылы байланысқан сөздерге «сөздердің салалас қатары» деген терминдік атау береді. Және жалғаулықтармен байланысқан сөздерді сөз тіркесінен айырудың жолдарын ұсынады: «Сөздердің салалас қатарынан сөз тіркесін ажырата білу үшін, оның (сөз тіркесінің) құрылымдық ерекшелігіне назар аудару қажет. Сөз тіркесі құрылымдық тұйықтылық (структурная замкнутость) қасиетімен сипатталады. Сөз тіркесінің құрылымдық тұйықтылығы оның құрамындағы сыңарлардың бірінің басыңқы, ұйытқы мүше болып, екіншісінің оған бағыныңқы, тәуелді мүше болуынан көрінеді» [11, 184-185]. К. Аханов келесі бір еңбегінде: «Сөз тіркесі сөздердің салалас қатарынан құрылымдық жағынан ажыратылады. Салалас қатардың құрамындағы сыңарлар (сөздер) тең дәрежедегі сыңарлар ретінде байланысса, сөз тіркесінің сыңарлары басыңқы, бағыныңқы сыңарлар болып, бірі екіншісіне бағына байланысады» [12, 201-202], – деп көрсетеді.

Ғалым Т. Сайрамбаев салаласа байланысқан сөздерді сөз тіркесіне жатқызуға қарсы мынадай уәж айтады: «Сөйлемдегі сөздер сабақтаса және салаласа байланысады. Жалпы тіл мамандарының арасында сөздердің сабақтаса байланысын сөз тіркесіне жатқызу туралы пікірталасы болмаса керек. Соңғы кезде сабақтаса байланысқан топпен бірге салаласа байланысқан сөздер тобын да сөз тіркесіне жатқызу жағы көріне бастады.

...сабақтаса байланысқан сөз топтары құрамындағы сөздердің біріне-бірі бағына байланысып, олардың синтаксистік қызметі мен мағыналық тобы, әр түрлі сөз таптарынан жасалуы сөз тіркесі дейтін ғалымдар оларға тең дәрежеде *...Асан мен Үсен; жазушы және оқушы; жақсы мен жаман; әрі оқыды, әрі жазды* сияқты екі сыңары да бір ғана сөз таптарынан жасалған топты жатқызады. Сөз тіркесі салаласа да байланысады деушілер сөз тіркесін басқаша түсінеді» [13, 145]. Осыған ұқсас пікір

М. Балақаевта да бар. Ғалымның айтуынша, сөз тіркесі «салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысады» [14, 34].

Сонымен, қазақ тіліндегі ғалымдардың жалғаулық шылаулар жайында айтылған пікірлерін жинақтай келе, былайша түйіндеуге болады: біріншіден, жалғаулықтар сөз бен сөзді де, сөйлем мен сөйлемді де байланыстырады. Екіншіден, жалғаулық арқылы байланысқан сөздер сөз тіркесіне жатпайды. Үшіншіден, сөз бен сөзді салаластыра байланыстырады дегеннен гөрі, К. Аханов айтқандай, сөздердің салалас қатарын жасайды деген тұжырым қисынды болмақ.

Жалғаулық шылаулардың түрік тіліндегі зерттелуіне келетін болсақ, түрік тілінде терминдік атау ретінде тұрақтылық, бірізділік жоқ екені байқалады. Алдымен терминдік атаулардың берілуін сараптап көрейік.

Ғалым Т. Бангуоғлы бір жерде жалғаулық атауы үшін «*rabıt*»^{*} деген термин қолданса [15, 41], басқа бір еңбегінде түрік тілінің «*bağlamı*»[†] деген терминдік атауын қолданады [16, 390]. Н. Хаджыеминоғлы мен М. Эргин «*bağlama edatları*»[‡] [17, 113], [18, 330], Х. Эдискун, М. Хенгурмен, Т. Генжан «*bağlaç*»[§] терминін қолданады [19, 302], [20, 175], [21, 482], З. Коркмаз алғашқыда «*bağlama edatı*» деген термин қолданып [22, 389], кейін «*Türkiye Türkçesi Grameri*»^{**} атты еңбегінде «*bağlaç*» терминін пайдаланған [23, 1069]. Ғалым Эрман «*çekim edatları*»^{††} деген атаумен «*sıralama ve bağlama edatları*»^{‡‡} [24, 135] деген терминдерді, ғалым Адалы болса «*bağlaç*» терминінің орнына «*yönveren*»^{§§} терминін қолданады [25, 41], Демирджан «*bağlayıcı*»^{***} [26, 31] деп атаса, Габайн «*cümle başı edatı*»^{†††} [27, 415] терминін пайдаланғанды жөн көрген.

Ғалым С. Явуз мынадай бір орынды пікір білдіреді: «Түркия түрікшесіндегідей терминологияға қатысты түрлі қолданыстар қазіргі түркі тілдерінің біреуінде де кездеспейді. «*Bağlaç*» (жалғаулық) – басқа түрік тілдерінде шатастыруға келмейтін терминдік атаулардың бірі» [28, 7].

Түрік тіліндегі осындай түрлі терминдік атаулар тек жалғаулықтарға ғана қатысты емес, тілдің кез келген саласынан орын алған. Терминдік атаулардың мәселесін осылайша тұжырымдап, келесі кезекте жалғаулықтарға берілген анықтамаларды саралап көрейік.

Тахсин Бангуоғлу «*Ana Hatlarıyla Türk Grameri*» атты еңбегінде жалғаулықтар анықтамасы жөнінде: «Сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді байланыстыратын сөздерді «*rabıt*» дейміз» [29, 41], – дейді.

«Түрік тілінің грамматикасы» атты басқа бір еңбегінде Тахсин Бангуоғлу грамматикалық функциясы жалғаулықтарға жуық термин жайлы: «Сөйлемде тең деңгейдегі екі сөз, екі элемент, екі пайымдау, кейде екі абзацты бір-бірімен байланыстыратын сөздерді контекст (*conjunction*) дейміз» [16, 390], – деп көрсетеді.

Неджметтин Хаджыеминоғлу: «Жалғаулықтар — сөйлемдерді немесе сөйлемнің құрамындағы сөздер мен сөз тіркестерін мағынасы мен тұлғасы жағынан байланыстырып тұратын сөздер», – деген анықтама береді [17, 113].

Мухаррем Эргин жалғаулықтарға «сөздерді, сөз тіркестері мен сөйлемдерді тұлғасы мен мағынасы жағынан бір-біріне жалғап, олардың арасында байланыс орнату үшін қолданылатын шылаулар» деген анықтама береді [18, 332].

Хайдар Эдискун жалғаулықтарды «дербес мағынасы жоқ, бірақ бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді әрі тұлғасы, әрі мағынасы жағынан жалғастырып тұратын сөздер» деп көрсетеді [19, 302].

Мехмет Хенгурмен: «Бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын сөздерді жалғаулық деп атаймыз» [30, 175], – дейді.

Тахир Нежат Генджан «Грамматика» атты кітабында жалғаулықтарды: «Мағыналық жағынан өзара байланысқан сөйлемдерді, сөз тіркестерін немесе бірыңғай ұқсас элементтерді байланыстыруға жұмсалатын сөздерді жалғаулықтар деп атаймыз» [21, 482], – деп түсіндіреді.

* *Rabıt* (рабыт) – араб. «жалғау», «байлау».

† *Bağlam* (бағлам) – «буда», «бума», «шоқ», «десте» деген мағынамен қатар «контекст» ұғымында да жұмсалады.

‡ *Bağlama edatları* (бағлама эдатлары) – жалғаулық шылау.

§ *Bağlaç* (бағлач) – жалғаулық.

** «*Türkiye Türkçesi Grameri*» – «Түркия түрікшесінің грамматикасы».

†† *Çekim edatları* (чеким эдатлары) – септеулік шылау.

‡‡ *Sıralama ve bağlama edatları* (сыралама ве бағлама эдатлары) – ыңғайлас және жалғаулық шылау.

§§ *Yönveren* (йөнверен) – бағыттаушы.

*** *Bağlayıcı* (бағлайыджы) – жалғаушы.

††† *Cümle başı edatı* (джүмле башы эдаты) – сөйлемнің басында келген шылау.

Түрік тілінде жалғаулық шылаулар туралы ең көп мәлімет берген ғалым — Зейнеп Коркмаз. Ғалым өз еңбегінде: «Жалғаулықтар — сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді, кейде тіпті абзацтарды тұлғасы мен мағынасы жағынан жалғастырып, атқаратын қызметтері мен өзі жалғастырған сөздер арасында әр түрлі мағыналық қатынас құрған грамматикалық элементтер» [31, 1091], – дейді.

Грамматикалық кітаптардағы терминдік атауларды қоспағанда, жалғаулық шылауларға берілген анықтамалар шамамен бірдей, бірізді. Осы орайда сөздіктерге көз жүгіртетін болсақ, жалғаулықтарға берілген анықтамалар төмендегідей. Түрік тілі бірлестігі шығарған «Түрік тілінің үлкен сөздігінде»: «Бірыңғай сөздерді немесе сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын сөз түрі — жалғаулық (rabıt)» [32, 196], – делінген.

Ал «Грамматикалық терминдер сөздігінде» «дербес мағынасы жоқ, бірақ бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді байланыстыру үшін қызмет атқаратын сөздердің түрі» [33, 34] деген анықтама берілген.

Ал З. Коркмаздың жетекшілігімен шыққан «Грамматикалық терминдер сөздігінде» «бірнеше сөзді, сөз тіркесін немесе сөйлемді бір-бірімен байланыстырып, олардың арасында түрлі қатынасты жүзеге асыратын функционалды сөздер» ретінде анықталады [31, 32].

«Лингвистикалық терминдердің түсіндірме сөздігінде» «бір сөйлемдегі екі сөзді немесе екі сөз тіркесін, қызметі жағынан әрі бірдей, әрі әр түрлі екі сөйлемді байланыстыратын морфема немесе контекст» [34, 31] деп түсіндіреді.

Сонымен, екі тілдегі жалғаулықтарға берілген анықтамаларға назар аударатын болсақ, грамматикалық кітаптарда болсын, оқулықтарда немесе сөздіктерде болсын берілген анықтамалар бір-бірінен онша алыс кетпейді. Жалғаулық шылаулардың өзіндік сипаты мен атқаратын қызметі жағынан жинақтай келе мынадай түйін шығардық:

- жалғаулықтардың дербес мағынасы болмайды, сондықтан олар көмекшілік қызмет атқарады. Жалғаулықтардың негізгі қызметі — сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді байланыстыру. Дегенмен грамматикалық және лексикалық жағынан байланысқан тұлғаларда дәнекерлік сипаттағы осы жалғаулықтар арқылы семантикалық қуаты салыстырмалы түрде артып отырады;

- жалғаулықтар байланыстыру қызметі арқылы сөздер мен сөйлемдер арасында мағыналық қатынас/тұтастық қалыптастырады, сөйлеу тілінің жалғамалық сипатын сақтайды;

- жалғаулықтар мағынасы мен тұлғасы жағынан септеуліктер мен демеуліктерге ұқсас болғанымен, қолданылуы мен қызметі жағынан өзгеше;

- сөйлемде жалғаулық шылаулардың орнына кейде басқа сөз (септеулік шылаулар, көсемшелер, үстеулер т.б.) жұмсалады, бірақ жалғаулықтар олардың орнына қолданыла алмайды;

- жалғаулықтар атауыш сөздер сияқты сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды.

Адам ойын бір сөйлеммен де, бірнеше сөйлеммен де білдіреді. Ой бірнеше сөйлеммен де айтылады. Ондағы жеке, дербес сөйлемдер мағына жағынан байланысты келеді. Олардың арасында да дәнекер болатын — жалғаулықтар [5, 11].

Жалғаулықтар сөйлемдер арасындағы мағыналық қатынасты білдірсе де, мағыналық қатынасты тудыратын — тек жалғаулық емес. Жалғаулықтар өзінің синтаксистік қызметін сөйлемнің бүкіл құрылымдық қалпымен (дыбыс ырғағы, предикат формасы, сөздердің лексикалық мағынасы т.б.) бірге атқарады.

Жалғаулықтардың шығу негізі біркелкі емес, бірі ерте, бірі кеш пайда болған. Бірі жеке сөзден пайда болса, екіншісі сөз тіркесінен немесе сөйлемнен дамып шыққан. Осыған сәйкес морфологиялық құрамы да түрліше келеді. Осыны ескерген түркологтер ежелден бері жалғаулықтарды морфологиялық құрамына қарай жіктеген. Жалғаулықтардың осындай ерекшеліктерін бірінші болып ескерген және алғашқылардың бірі болып жіктеген — Казембек. Ол жалғаулықтарды дара және күрделі деп екі топқа бөліп қарастырған [35, 374].

Кейінірек түркологтер жалғаулықтарды абстрактілік деңгейіне қарай бөліп қарастырған [36, 41]. Осы үлгімен біз де қазақ және түрік тілдеріндегі жалғаулықтардың морфологиялық құрамына назар салып көрейік.

1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында М. Балақаев жалғаулықтарды құрамына қарай дара (және, бірақ т.б) және күрделі (және де, сонда да) деп екі топқа бөледі [37, 356].

Р. Әміров жалғаулықтарды дара және күрделі деп жіктеуді жеткіліксіз санайды. Жалғаулықтарды дара жалғаулықтар, біріккен жалғаулықтар, күрделі жалғаулықтар деп үш топқа бөлген дұрыс екенін айтады.

Дара жалғаулықтардың қатарына *және, да, әрі, мен, жоқ, болмаса, себебі, не, я, бір, дегенмен* сөздерін жатқызады. Бұл жалғаулықтардың жеке-жеке сөздерден пайда болғанын, олардың құрамынан кірме тұлға табылмайтынын ескертеді.

Біріккен жалғаулықтардың қатарына *әйтпесе, сондықтан, өйткені, әйткенмен, бірақ, немесе, өйтпегенде* деген сияқты сөздер кіретінін көрсетіп, бұлардың екі сөздің бірігуінен жасалғанын айтады.

Күрделі жалғаулықтардың қатарына *сол себепті, неге десең, не үшін, сонан соң, онда да, сөйтсе де, әйтсе де, сондықтан да* деген сөздерді жатқызады. Күрделі жалғаулықтардың да екі немесе үш сөзден құралғанын, алайда мұның құрамындағы сөздердің қазір де даралығын сақтап бөлек жазылып жүргеніне назар аудартады [5, 33].

Ә. Төлеуов «Сөз таптары» деген еңбегінде жалғаулықтарды дара, туынды және күрделі деп бөледі. Дара жалғаулықтар қатарына *және, да, әрі, ал, мен, не, иә, бір* сияқты сөздерді жатқызады.

Туынды жалғаулықтар қатарына *болмаса, себебі, дегенмен, әйтпесе, сондықтан, өйткені, бірақ, біресе, немесе, әйтпегенде* сөздерін жатқызады. Туынды жалғаулықтар жасалу жағынан бірігіп, кірігіп кеткенмен, олардың тарихи жағынан басқа сөз таптарынан жасалғаны белгілі болып тұратынын көрсетеді.

Күрделі жалғаулықтар қатарына *сол себепті, неге десең, не үшін десең, сонан соң, онда да, сонда да, сөйтсе де, әйтсе де* деген сөздерді жатқызады. Сөйтіп, күрделі жалғаулық шылаулардың графикалық жағынан бөлек жазылатынын айтады [7, 122].

А. Ысқақов жалғаулық шылауларды морфологиялық құрамына қарай дара, күрделі деп екіге бөледі. Дара жалғаулықтар тобына лексикалық не синтетикалық жолмен жасалған әр қилы формадағы жеке сөздер жататынын, күрделі жалғаулықтар тобына сөз тіркестері арқылы жасалған күрделі сөздер жататынын айтады [9, 365].

Б. Момынова мен Ж. Сәткенованың 2020 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің морфологиясы» атты оқу құралында жалғаулық шылаулар тұлғасына қарай дара және күрделі боп бөлінеді.

Дара жалғаулық шылауларға *және, да, әрі, ал, мен, не, иә, бәрі* т.б. сөздерді жатқызады. Ал басқа сөз таптарынан жасалған жалғаулықтарға *себебі, әйтпесе, дегенмен, бірақ, немесе* сөздерін жатқызып, арнайы ескерту арқылы олардың құрамын жіктеп көрсетеді.

Күрделі жалғаулық шылаулардың қатарына, атап айтқанда, *сол себепті, неге десең, сонан соң, не үшін десең, сонда да, онда да, әйтсе де* деген сияқты сөздерді жатқызып, олардың графикалық жағынан бөлек жазылатынын атап көрсетеді. Бұл жағынан Ә. Төлеуовтің пікірімен сәйкес келеді [38, 243].

Қазақ тіліндегі жалғаулық шылаулардың морфологиялық құрамына қарай жіктелуі кейінгі шыққан әдебиеттерде де осы тәріздес. Жинақтай келе қазақ тілінде жалғаулық шылаулар морфологиялық құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді деген тұжырым жасауға болады.

Түрік тілінде жалғаулық шылауларды морфологиялық құрамы жағынан беске бөліп қарастырады.

1. Түбір жалғаулықтар /*basit bağlaçlar*/: *ve* (және), *ile* (мен), *de* (де), *dahi* (тіпті, түгіл, тұрмақ), *ama* (бірақ), *bile* (түгіл), *eğer* (егер), *lakin* (алайда, бірақ, дегенмен), *yani* (яғни), *meğer* (алайда, дегенмен), *hem...* (әрі).

2. Туынды жалғаулықтар /*türemiş bağlaçlar*/ саны жағынан ең аз жалғаулықтар қатарына жатады. Мұның себебі түрік тілдерінде (барлық) жалғаулықтар түрленбейді, сондықтан санының аз болуы заңдылық деген уәж айтылады. Туынды жалғаулық ретінде көрінетін бұл тұлға тек белгілі бір сөздермен ғана шектеседі. Олар: *üstelik* (сонымен қатар), *yalnız* (тек, алайда), *ancak* (бірақ, дегенмен), *örneğin* (мысалы, мәселен), *gerçekten* (шынымен, расында да), *açıkçası* (немесе), *kısacası* (қысқасы) т.б.

3. Біріккен жалғаулықтар /*birleşik bağlaçlar*/ — сөздің мағынасының ауысуы немесе тұлғасының өзгеруі нәтижесінде мағынасы мен құрылымы жағынан екі сөздің бірігуі арқылы жасалған жалғаулықтар. Мысалы: *öyleyse* (олай болса), *oysa* (алайда, әйтсе де), *neyse* (жарайды, маңызды емес, оқасы жоқ), *kimbilir* (кім білер), *yoksa* (әйтпесе), *veyahut* (не, немесе), *meğerse* (алайда, болмаса), *nitekim...* (шынында, расында).

4. Тіркесті жалғаулықтар /*kelime grubu halinde bağlaçlar*/ кемі екі жалғаулықтың тіркесуі арқылы жасалады. Бұл жалғаулықтарды ғалым Хэнгирмен үшке бөліп қарастырады: а) «*ki*» жалғаулығымен жасалғандар *oysaki* (алайда), *halbuki* (дегенмен, бірақ та), *sanki* (сияқты, тәрізді), *mademki* (егерде, сондықтан), *yeter ki* (жеткілікті), *ne var ki* (несі бар) vs; ә) сөз тіркесі тұлғасындағы жалғаулықтар (ғалым *oysaki, halbuki, sanki, mademki* жалғаулықтарын бірге жазған), бұл жалғаулықтарды Зейнеп

Коркмаз өз ішінде зат есімді тіркес, сын есімді тіркес, шылаулы тіркес, көсемшелі тіркес, есімшелі тіркес, одағайлы тіркес деп бірнеше топқа айырады [23, 1096]. Мысалы: *bunun için* (сол үшін), *bundan dolayı* (сондықтан), *bu yüzden* (сондықтан), *bu bakımdan* (осыған байланысты), *buna göre* (сәйкесінше), *görünüşe göre* (сияқты), *o halde* (олай болса), *şu halde* (солай болса), *bundan başka* (бұдан өзге), *senin anlayacağın* (сенің түсінігіңше), *sözün kısası* (сөздің қысқасы), *bununla birlikte* (сонымен қатар), *aynı esnada* (осы уақытта), *hele bilhassa* (әсіресе), *bir türlü* (біртүлі), *bunun yanı sıra* (сонымен қатар), *bunun dışında* (бұдан басқа); б) қайталама жалғаулықтар /yenileme bağlaçları/: *ne...ne* (не...не), *hem...hem* (әрі...әрі), *gerek...gerek* (болсын...болсын), *ya...ya* (я...я), *olsun...olsun*, *ama...ama* (бірақ...бірақ), *ister...ister* (күй...күй).

5. Сөйлем түріндегі жалғаулықтар /cümle menşeli bağlaçlar/ деп негізінен бастапқы мағыналарын жоғалтып, сөзжасам тәсілі арқылы қалыптасып, сөйлем құрылымын жоғалтқан тілдік бірліктерді айтады. Мысалы: *e ne yapalım* (енді не істейміз), *Allah selamet versin* (Алла тыныштығын берсін), *Allah ne verdisse* (Алла не берсе), *Allah izin verirse* (Алла қаласа), *Allah var* (Алла көріп тұр), *arzu et* (қалау, тілеу), *aslına bakarsan* (негізіне үңілсек), *bak bakalım* (байқап көрейік), *bak anlatayım* (қара, түсіндірейін), *bereket versin* (берекегін берсін), *bi bakmışla* (бір қарағанда), *bir bahtık* (бір қарадық), *bi görecen* (бір көрерсін), *bir de ne görsün* (бірден не көре қойсын), *bi de baktık* (сосын қарап едік), *bi de bakmış* (қарап қояды), *biliyonuz* (білесіз), *bilimisin*, *biliyosun*, *bilirsin*, *bilmem* (білмеймін), *bak sen...* (қарай гөр).

Көріп отырғандай, қазақ және түрік тілдерінде жалғаулықтарды морфологиялық тұрғыдан жіктеуде біршама айырмашылық бар. Басты айырмашылық негізгі критерийлерде. Түрік тіліндегі сөйлем түрінде келген жалғаулықтар қазақ тілінде қыстырма сөз ретінде бөлек бір категорияда қарастырылады. Келесі кезекте жалғаулықтардың мағыналық тобына тоқталайық.

М. Балақаев 1941 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінде жалғаулық шылауларды 1) бірлестіргіш жалғаулықтар: *жана, мен, бен, пен (менен), да, (де, та, те), тақы, әрі*; 2) қарсылықты жалғаулықтар: *бірақ, алайда, сонда да, сөйтсе де, дегенмен, әйткенмен*; 3) кезектестік жалғаулықтар: *иә, не, әлде, немесе, біресе, әйтпесе, яки, болмаса, не болмаса, мейлі, күйі*; 4) айқындауыш жалғаулықтар: *сондықтан, сөйтіп, өйткені, сол себепті, ол үшін, ендеше, демек* деп төрт топқа жіктейді [39, 20-21].

Қазақ тіліндегі жалғаулық шылауларды Р. Әміров 6 топқа бөледі: 1) ыңғайластық: *және, да, де, та, те, әрі, мен*; 2) қарсылықты: *бірақ, алайда, дегенмен, өйткенмен, әйтсе де, сөйтсе де, сонда да, әйтпегенде, әйтпесе, онда да, ал*; 3) талғаулықты: *не, иә, яки, немесе, болмаса, жоқ, әлде, біресе, бір*; 4) себеп: *өйткені, неге десең, не үшін десең, себебі*; 5) салдарлық: *сондықтан, сол үшін, сол себепті*; 6) шарттық: *егер, онда* [5, 34].

Ғ. Әбуханов 1960 жылы шыққан оқулығында жалғаулық шылауларды мағынасы және қолданылатын орнына, яғни синтаксистік қызметіне қарай төрт топқа бөледі. Олар: 1) ыңғайластық: *мен, бен, пен, және, да, де, та, те*; 2) қарсылықты: *бірақ, бірақ та, дегенмен, сонда да, алай да, сөйтсе де*; 3) талғаулықты: *я, яки, не, немесе, не болмаса, біресе, бірде, кейде, әлде, күй, мейлі*; 4) себеп-салдарлық жалғаулықтар: *өйткені, сондықтан* [8, 215-216].

1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасында» да жалғаулық шылаулар 6 топқа бөлінеді. Р. Әміровтің жіктеуіне сәйкес келеді [40, 225-226].

Ә. Төлеуов «Сөз таптары» еңбегінде: «Семантикалық дербестігі жоқтығы немесе сөйлем мүшесі болмауы жағынан жалғаулық шылаулар салыстырғыш, сабақтастырғыш болып екіге бөлінеді», – дейді [7, 122-123].

1. Салыстырғыш жалғаулықтарды: а) ыңғайластық салыстырғыш жалғаулықтар: *мен (бен, пен), менен (бенен, пенен), және, тағы, да (де, та, те), әм; ә) талғаулық салыстырғыш жалғаулықтар: әлде, бірде, иә, яки, не, немесе, не болмаса, күй, мейлі* деп екіге бөледі. 2. Сабақтастырғыш жалғаулықтар жөнінде «салалас, сабақтас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстыру үшін жұмсалатынын» айтып, бұларды өз ішінде 5-ке жіктейді: а) қарсылықты жалғаулықтар: *бірақ, бірақ та, алайда, әйтсе де, әйткенмен, үйтсе де, сонда да, дегенмен, әйтпесе, әйтпегенде*; ә) себеп жалғаулықтар: *себебі, сондықтан, неге десең, өйткені*; б) салдар жалғаулықтар: *сондықтан, сол себепті, болғандықтан*; в) шартты жалғаулықтар: *егер*; г) айқындағыш жалғаулықтар. Айқындағыш жалғаулықтар жөнінде «сөз тіркесінде сөйлем арқылы айтылған ойды айқындауға дәнекер (яғни, демек) болатынын», ал «ұштастырғыш жалғаулықтардың (олай болса, ал ендеше, ал) бірінші жай сөйлемдегі ойды өзінен кейін айтылатын сөйлемдегі оймен ұштастыру үшін айтылатынын» көрсетеді [7, 123].

А. Ысқақов жалғаулық шылауларды жеке сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру қабілеті жағынан салаластырғыш жалғаулықтар және сабақтастырғыш жалғаулықтар деген екі топқа бөледі.

а) «Салаластырғыш жалғаулықтар бірыңғай жеке сөздер мен сөз тіркестерін және бірыңғай сөйлемдерді байланыстырады да, солардың өзара байланысу жолдары мен қатынастарын көрсетеді». Салаластырушы жалғаулықтарды іштей ыңғайластық және талғаулықты деп екіге бөледі. Енді жалғаулықтардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, мысалдар арқылы көрсетейік.

1. Ыңғайластық жалғаулықтар «өзара ыңғайласып құралатын, тең дәрежедегі сөздер мен сөз тіркестерін жалғастырады да, солардың ыңғайласқан қатынасын білдіреді». Оларға *мен (бен, пен), және, тағы, әрі, да (де, та, те), әм* сияқты жалғаулықтарды жатқызады. Мысалы:

Иә, он сегіз сала — тек Кербұғының маңдайына ғана дарыған бағы мен соры... (О.Бөкей).

Жетісіне екі рет, сәрсенбі және сенбі күндері, кешке қарай жаттығуға жиналады (Б. Соқпақбаев).

Рахмет бір нәрсенің боларын сезді де, үндеместен орнынан тұрып жүре берді (С. Ерубасев).

Әрі жалықтырды, әрі таныс дүние, мұны несіне берді деп таңдандым (Қ. Ысқақов).

Жан-жағына сақ қарап, уайым бұған Найман-Ана дидары боп-боз әм сесті еді (Ш. Айтматов).

Осы мысалдардағы жалғаулықтар бірыңғай сөздер мен сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстырып тұр.

2. Талғаулықты жалғаулықтар «зат есім, сын есім, етістік және басқа атаушы сөздер арқылы жасалып, салаласа жалғасқан мүшелердің бірінен соң бірін я талғап, я таңдап, я кезектестіріп, я біріне-біріне қарама-қарсы қойып айту үшін қолданылады. Олар: *әлде, біресе, я, бірде, яки, не, немесе, болмаса, не болмаса, құй*.

Әлде тоңазығаннан, әлде қорқыныштан Тортайдың бауырына тығыла түсемін (О. Бөкей).

Апыр-ой десеңші, сонау отызыншы жылдардың басынан бастап бір жоғары, бір төмен, біресе өрге, біресе ылдига... (Ш. Айтматов).

Дүниеде өсек-аяң, құлық-сұмдықты білмейтін, не болмаса тірі пенденің бетіне «әй, сен сондай-сың» деп қарамаған, немесе тірі пендеге тілі тимеген, жарықтық ораза-намазы бұзылмаған таза да тәкаппар әйел еді (О. Бөкей).

Кең маңдай, қолаң шаш

Я бір кез, я құлаш,

Ақ тамақ, қызыл жүз,

Қарағым, бетіңді аш! (Абай)

ә) «Сабақтастырғыш жалғаулықтар тек құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырып байланыстырып, солардың арақатысын анықтап көрсету үшін жұмсалады». Сабақтастырғыш жалғаулықтарды қарсылықты, себептік, салдарлық, шартты, айқындағыш, ұштастырғыш деп 6 топқа бөледі.

1) Қарсылықты жалғаулықтар «негізінде бұрынғы сөйлемде айтылған ойға соңғы сөйлемдегі ойдың мағына жағынан қарама-қарсы екенін аңғартуға дәнекер болады». Оларға *бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, сүйтсе де, сонда да, дегенмен, әйтпесе, әйткенде, әйтпегенде* сияқты сөздер жатады. Мысалы:

Гүлсары зарыққаннан бар пәрменімен ашына кісінеп қоя берді, бірақ өз даусын өзі естімеді (Ш. Айтматов).

Меңдуана жеп қойғандай-ақ аттың басы айналып, көзі тұнып, үстіне түрлі түсті шеңбер шашылып, дүние шыр көбелек айналып, аспан асты әткеншек ойнап бара жатқандай, алайда Танабай оны қайдан білсін (Ш. Айтматов).

Ұшарға қанаты жоқ, әйтпесе қазір жетпек (Ш. Айтматов).

Рас, кәрілеу жылқы, дегенмен сіздің жұмысыңызға жарап жатыр (Ш. Айтматов).

Өткен жылдары май дәріден қашқан өзіңіз, әйтпегенде төл мұнан да көп болар еді (Ғ. Сланов).

2) Себептік жалғаулықтар «құрмалас сөйлемдердің құрамдарындағы соңғы жай сөйлем бұрынғы (алдыңғы) сөйлемдегі айтылатын ойдың себебін білдіру үшін арнаулы дәнекерлер есебінде қызмет етеді». Олар: *себебі, өйткені*. Мысалы:

Мұрнын тартатын себебі — бала кезден бергі әдет аурудан жаман қалмай келеді екен (О. Бөкей).

Танкілер таптап келеді, ал сен окопта қалишып тұрсың, өйткені шегінерге жер жоқ (Ш. Айтматов).

3) Салдарлық жалғаулықтар «салалас құрмалас сөйлемдердің арақатынасын білдіру үшін, яғни басыңқы сөйлемде айтылатын іс-әрекеттің, амалдың нәтижесі я салдары екенін білдіретін дәнекер есебінде жұмсалады». Олар: *сондықтан, сол себепті*.

Өйткені кемтар бала сол отбасында өмір сүреді, сондықтан олар да біздің команданың бір мүшесіне айналуы тиіс («Ана тілі»).

Ал Мұраттың сұрланып, ашынып алған жүзінде оның пысын басқандай айбат оты, өткірлік бар еді. Сол себепті де Садық бірінші болып қол жұмсауға бата алмай тұр (Б. Сокпақбаев).

4) Шарттық жалғаулықтар «сабақтас құрмалас сөйлемдердің арақатынасын білдіру үшін, яғни басыңқы және бағыныңқы сөйлемдердің бір-бірімен жалғасуларына дәнекер есебінде қолданылады». Олар: *егер, егер де, алда-жалда*.

Өзіме белгілі, егер интернатқа қабылдмаса, оқи алатын түрім жоқ (Қ. Ысқақ).

Кім біледі, бұл түнгі жортуылдар әлі қаншаға созылар еді, егер де мына бір жағдай болмаса... (Ш. Айтматов).

5) Айқындағыш жалғаулықтар «я жеке сөздерді, я сөз тіркестерін, я жеке сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырады да, алдыңғы сөз арқылы, я сөз тіркесі немесе сөйлем арқылы айтылатын ойды кейінгі сөз, я сөз тіркесі, я сөйлем арқылы не баяндауға, не айқындауға, не анықтауға, не тәптіштеп қадағалай түсуге дәнекер сөздер есебінде қызмет етеді». Оларға *яғни, демек* сөздерін жатқызады. «Яғни» сөзін жалғаулыққа жатқызуға болады, «демек» қыстырма сөз ретінде жұмсалады. Мысалы:

Соның тең жартысынан астамы, яғни 650 адам — осындағы кітапхананың тұрақты оқырманы («Орталық Қазақстан»).

6) Ұштастырғыш жалғаулықтар «мағына жағынан біріне-бірі орай қолданылатын екі жай сөйлемді ұштастырып байланыстыру үшін жұмсалады да, бірінші сөйлемнен кейін іле екінші сөйлемде айтылатын ойды бастау үшін дәнекер ретінде қызмет етеді». Оларға *ал, ендеше, ал ендеше, олай болса* деген сөздерді жатқызады [9, 365-370]. Мысалы:

Ақын деген — киелі аққу самғаған,

Ал ендеше аққуды атқан пендені

Қай атаңнан көріп едің, оңбаған? (М. Шаханов).

Енді сендерге үкімет пен партия мені сабақ оқыт деп жіберді. Олай болса маған қоятын сұрақтарың бар ма? (Б.С.).

Кейінгі шыққан еңбектердің басым көпшілігі осы А. Ысқақовтың классификациясын басшылыққа алады. Біз де осы еңбекті басшылыққа ала отырып, мысалдар арқылы талдап көрсетуге тырыстық.

Түрік тілінде ғалымдар жалғаулық шылауларды мағынасына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырады. Бұл жағынан қазақ тіліндегі жалғаулықтардың семантикалық жіктелуіне мүлде ұқсамайды десе де болады. Негізінен классификациялар бір-біріне мүлдем ұқсамайды, бір-бірінен өзгеше. Жалғаулықтар семантикалық жағынан кейбір еңбектерде тоғыз, енді бірінде он екі, ал басқа бір еңбекте жиырмадан асып жығылады. Олай болса түрік тілінде жалғаулық шылаулардың мағыналары мен қызметтеріне қарай жіктелуіне назар аударайық.

Нәжметтин Хажыэминоғлы жалғаулық шылауларды мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөледі: сөйлемнің басында келетін шылаулар, негізгі жалғаулық шылаулар, тепе-теңдік шылаулары. Онан әрі шығу тегі мен қалыптасу стиліне қарай бұларды да үш топқа бөледі: кірме жалғаулықтар, бұрыннан шылау ретінде қолданылғандар, шылау ретінде қалыптасқан сөз тіркестері. Олардың Хорезм, Шағатай, Қыпшақ аймақтарында қалай қолданылғанын және Батыс түрік тіліндегі қолданысын нақты мысалдармен талдап, түсіндіріп береді [41, 113, 114].

Ғалым Зейнеп Коркмаз жоғарыда аталған еңбегінде жалғаулық шылауларды сөйлемдегі орны мен атқаратын қызметіне қарай 4 топқа бөледі. Олар: 1) *sıralama bağlaçları* / ыңғайластық жалғаулықтар; 2) *denkleştirme-karşılaştırma-seçme bağlaçları* / талғаулықты жалғаулықтар; 3) *pekiştirme bağlaçları* / қарсылықты жалғаулықтар; 4) *nöbetleşme bağlaçları* / кезектес жалғаулықтар. Сондай-ақ жалғаулықтарды сөйлемдегі қызметі мен орнына қарай үшке бөледі: а) басында келген сөйлемді алдында тұрған сөйлеммен байланыстыратындар; ә) басында келген сөйлемді келесі сөйлемге жалғайтындар; б) қайталап қолданылу арқылы екі сөйлемді бір-бірімен байланыстыратындар. Сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтарды: 1. түсіндірмелі жалғаулықтар; 2. салдарлық жалғаулықтар; 3. күшейткіш жалғаулықтар; 4. себеп жалғаулықтар; 5. қарсылықты жалғаулықтар; 6. басқа қызметте қолданылатын жалғаулықтар деп 6 топқа бөледі [23, 932-961].

Ғалым Х. Ибрахим Делиже де өз алдына бөлек бір классификация ұсынады: біріншіден, сөз тіркестерін байланыстыратын жалғаулықтар деп оларды мағынасына қарай 11 топқа бөледі; екіншіден, сөйлем тізбегін құрайтын жалғаулықтар деп бұларды да өз ішінде бірнеше топқа бөледі; үшіншіден, қыстырма сөз жалғаулықтары деп бөледі [42, 189].

Ахмет Туран Доған былай дейді: «Тілдегі ең кішкентай бөлшектен ең үлкен бөлшекке дейінгі аралықты байланыстыратын элемент — жалғаулықтар. Олар жалғауыштық қызметімен қатар әр түрлі грамматикалық мағынада жұмсалады. Бұл мағыналар олар қолданылатын құрылымда көрінеді. Тепе-теңдік, қарсылықты, талғау, күшейту, бөлу, түйіндеу, ыңғайластық сияқты грамматикалық мағыналар — жалғаулықтардың негізгі грамматикалық мағыналары. Бұлардан басқа грамматикалық мағыналар да кездеседі» [43, 116].

Ғалым Мухаррем Дашдемир «Түрік тілінің құрылымдық-функционалдық синтаксисі» атты еңбегінде сөйлемүсті тілдік элементтер дей отырып «сөйлемнің басқа сөйлеммен (мәтінде) байланысын көрсететін сөйлем мен сөйлемді жалғаушы жалғаулықтар» деп көрсетеді. Сөйлем жалғаулықтары сөйлемді мәтінге жалғайды. Мұндай байланыс қандай жағдайда орын алатынын және сөйлем мен мәтіннің арасында қандай қатынас орнағанын (қарсылықты, ұқсастық, түсіндірме, күшейту т.б.) анықтайтынын сипаттайды да, жалғаулық шылауларды мағынасына қарай 20 топқа бөледі [44, 141].

Осылайша түрік тіліндегі жалғаулық шылаулар мағынасына қарай түрліше жіктеледі. Ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, жалғаулықтардың мағыналық тобының жалпы жиі кездесетін негізгі жіктеулерін төмендегідей етіп көрсетуге болады:

1. Ыңғайлас жалғаулықтар (*sıralama bağlaçlar*) қатар тұрған тең дәрежедегі бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді байланыстырады. Олар: *ile* (мен), *ilâ*, *dahi* (*әрі*), *ve* (*және*), *da...da...*, *gerek...gerek* (болсын...болсын), *hem...hem...* (*әрі...әрі*), *ister...ister...* (*құй...құй*), *ne...ne...* (*не...не*). Мысалы:

Ayla ile Nuri geldiler (Айла **мен** Нури келді).

Bu orduya karşı okla, bıçakla ve tüfekle durulamaz (Бұл әскерге жебемен, пышақпен **және** мылтықпен қарсы тұра алмайсың).

Bizin eve buyrun da bir kahvemizi için (Біздің үйге келіп **те** бір кофеңізді ішіп кетіңіз).

Gerek ben, gerek (gerekse) o, fakülteye girmedik (Ол **да**, мен **де** факультетке оқуға түсе алмадық).

Sadi, hem acele acele konuşarak fikirlerini bildiriyor, hem de gözlerini ileriye uçan bisikletlerden hiç alamıyordu (Сади **әрі** тез-тез сөйлеп өз ойын айтып, **әрі** алға қарай зымырап бара жатқан велосипедтерден көзін айыра алмай тұр еді).

2. Салыстырмалы жалғаулықтар (*karşılaştırılan bağlaçlar*) — салыстырыла айтылған бірнеше элементті байланыстыратын жалғаулықтар. Олар: *hem...hem...* (*әрі...әрі*), *ne...ne...* (*не...не*), *ya...ya...* (*я...я*). Мысалы:

Bu öğrenci, hem yaramaz, hem (hem de) tembeldir (Бұл оқушы **әрі** тентек, **әрі** жалқау).

Bu, ne size, ne bize ilgili olan bir sorundur (Бұл – не сізге, не бізге қатысы жоқ мәселе // Бұл – сізге **де**, бізге **де** қатысы жоқ мәселе).

Ya bu deveyi gütmeli, ya bu diyardan gitmeli (Ол **не** мына түйені бағуы керек, **немесе** бұл жерден кетуі керек).

3. Теңестіруші жалғаулықтар (*denkleştirme bağlaçları*) — бір-біріне тең *әрі* бірін-бірі алмастыра алатын екі түрлі элементті байланыстыру үшін жұмсалатын жалғаулықтар. Олар: *veya* (немесе), *veyâhut* (не, немесе), *da, ya* (*я*), *yahut...* (не, немесе), *ya...ya...* (не...не, я...я), *ya...ya da...* (не...немесе). Мысалы:

Seyahatten önce, Arapça veya Farsça çalışmak istiyor (Саяхатқа шықпастан бұрын арабша **немесе** парсы тілін үйренгісі келеді).

Korku yahut gerilim filmi izleyelim (Қорқынышты фильм **немесе** триллер көрейік).

4. Себеп жалғаулықтары — алдыңғы сөйлемде айтылған ойдың себебін білдіретін және сөйлемнің басында жұмсалатын жалғаулықтар. Олар: *çünkü* (сондықтан, сол себепті, өйткені), *zira* (себебі, салдарынан). Мысалы:

Ben şimdi sizin fikrinizi tenkit etmeyeceğim, çünkü faydasızdır (Мен қазір сіздің пікіріңізді сынамаймын, **өйткені** пайдасы жоқ).

Zira sık sık gül bahçesinde dolaşır, sonra da mutlaka hayvanat bahçesine uğrayıp hayvanları seyredirlerdi (**Өйткені** олар жиі-жиі раушан бағында жүретін, сосын міндетті түрде хайванаттар бағына барып жануарларды тамашалайтын).

5. Қорытындылаушы жалғаулықтар (*sonuç bağlaçları*) — сөйлемді қорытындылап, түйіндей отыра бір-бірімен байланыстыратын жалғаулықтар. Олар: *ama* (бірақ), *ancak* (алайда), *bak bakalım* (көреміз), *mademki* (солай болғандықтан, сондықтан), *onun için* (сол үшін), *sonunda* (соңында, ақыр аяғында), *hiç olmazsa* (ең болмағанда), *nihayet* (соңында), *pekâla...* (*жарайды*). Мысалы:

Madem öyle söyledi, öyle yaparsız (**Егер** де солай айтқан болса, біз де солай жасаймыз).

Sonunda kararlı bir sesle, Mösyö Emir, o kızdан vazgeçmeyeceğim, dedi (**Соңында** шешімді дауыспен: «Өмір мырза, мен ол қыздан бас тартпаймын», – деді).

Beni bir dost gibi kabul etmek istemezsiniz, hiç olmazsa eski meslektaş gibi bana elinizi verin (*Мені дос ретінде қабылдағыңыз келмесе, **тым болмаса** ескі әріптесіңіз ретінде қолыңызды беріңіз*).

6. Сипаттама жалғаулықтар (*açıklama bağlaçları*) — алдыңғы сөйлем(дер)де айтылған ойды түсіндіріп, мысалға келтіріп, сипатын ашатын жалғаулықтар. Негізінен сөйлемнің басында кездесетін жалғаулықтар. Олар: *daha doğrusu* (ең дұрысы), *ki, mesela* (мысалы, мәселен), *örneğin* (мысалы), *şöyle ki* (осылай), *yani* (яғни). Мысалы:

Bu hadise para meselesini aşırı bir şekilde önemsemesine sebep oldu. Daha doğrusu, bu önemsemeyi son noktasına vardırdı (Бұл оқиға оның ақша мәселесіне шектен тыс мән беруіне себеп болды. **Дәлірек айтсақ**, ол бұл қамқорлықты шектен шығарды).

Bu iş olmayacak; şöyle ki, yeterli gerekç yok (Бұл іс болмайды; (мәселе) **былай**, материал жетіспейді).

Her cisim yanmaz; mesela taş, toprak... (Кез келген зат жанбайды; **мысалы**, тас, топырақ...).

7. Күшейткіш жалғаулықтар (*pekiştirme bağlaçları*) — бір-бірімен байланысқан екі элементтің бірін екіншісіне жалғап, мағынасын күшейте байланыстыратын жалғаулықтар. Олар: *de/da, dahi* (тіпті, керек десең), *ise* (тұрмақ), *bile* (де, тіпті), *hem* (әрі), *hem de, ya...* (я). Мысалы:

...Bunlar çok zaman sürmüş gibiydi. Aslında ise on, on beş dakikayı geçmedi (...Бұл іс ұзаққа созылғандай болды. **Негізінде** он-он бес минуттан аспады).

Şaşı Ömer bile gelmişti (Шашы Өмер де келді).

O, hem suçlu, hem (hem de) güçlü (Ол **әрі** кінәлі, **әрі** күшті).

8. Үстеме жалғаулықтар (*üsteme bağlaçları*) — өзінен бұрын келген сөйлемге қосымша мағына үстеп, алдыңғы сөйлеммен байланыстыратын жалғаулықтар. Олар: *ayrıca* (ерекше, айрықша, өзгеше), *bir de* (сонымен қоса, сонымен қатар), *hani* (егер, ең азында), *hele* (әсіресе, ерекше), *hem / hem de* (әрі...немесе), *işin kötüsü* (өкінішке орай), *kaldı ki* (оның үстіне, бұдан басқа), *o bir yana* (бір жағынан), *üstelik* (сонымен қоса), *zaten* (дұрысын айтқанда, негізінде). Мысалы:

Bu bitki oralarda ayrıca yetiştirilir (Бұл өсімдік ол жерде **ерекше** бапталады).

Yedirdi, içirdi, üstelik para da verdi (Ол ішкізіп-жегізді, **сонымен қоса** ақша да берді).

Ahmet gelsin, bir de Şakir gelsin (Ахмет келсін, **сонымен қатар** Шакир де келсін).

Kaldı ki bugün propaganda da yasaktır (**Оның үстіне**, қазір насихат жүргізуге де тыйым салынған).

...Sevmesine, severdi Reis beyi. O bir yana, gönülden bir saygısı da vardı (...Рейс бейді сүюін сүйетін.

Бір жағынан, жан-тәнімен құрметтейтін).

9. Қарсылықты жалғаулықтар (*zıtlık bağlaçlar*) — сөйлемнің бірінде айтылған ойға екіншісінің қарсылық білдіруі арқылы екі сөйлемді бір-бірімен байланыстыратын жалғаулықтар. Олар: *aksine* (керісінше), *ama* (бірақ), *ancak* (алайда), *buna karşı* (алайда), *lakin* (алайда), *oysa* (әйтсе де, дегенмен), *tam tersine* (керсінше), *zıddına* (керісінше), *yine de* (сонда да), *yoksa* (әйтпесе). Мысалы:

Hava güneşli, ama soğuk fazla (Ауа райы ашық, **бірақ** өте суық).

Çok bağırmış, ancak sen duymuşsun (Ол көп айқайлапты, **бірақ** сен ғана естіпсің).

Çekil karşımdan, yoksa döverim (Қарсымнан кет, **әйтпесе** таяқ жейсің).

En yakın arkadaşımı yarın beklerken tam tersine habersizce bugün geldi (Ең жақын досымды ертең күтіп жүргенімде, **керісінше**, ол бүгін хабарсыз келді).

Қорытынды

Мақаланы қорытындылай келе, қазақ және түрік тілдеріндегі жалғаулық шылаулардың басты-басты ерекшеліктерін анықтадық. Біріншіден, түрік және қазақ тілдеріндегі жалғаулықтардың ұқсастығы, оларға берілген анықтамалардың бір-бірінен алшақ кетпегені айқындалып отыр. Нақтылай айтар болсақ, бұл екі тілде де жалғаулықтар тең дәрежелі сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді өзара байланыстырады. Екі тілде де жалғаулық шылаулар — сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстырып тұрғанымен, өздігінен дербес мүше бола алмаса да, толық

мағыналы өзге сөздерге көмекші болып қызмет атқаратын сөздер. Жалғаулықтар — ішкі мазмұны жағынан да, қызметі жағынан да өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен біржола қол үзіп, дербестіктерінен айырылып, өз алдына категория болып қалыптасқан көмекші сөздер. Екі тілде де сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді және әрі сөздерді, әрі сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтар болып бөлінеді. Екіншіден, қазақ тілі түрік тілдері ішінде қыпшақ тобына жататын болса, түрік тілі оғыз тобына жатады. Екі тіл де жалғамалы (агглютинативті) тілдер тобына кіреді. Түрік және қазақ тілдерінің ұқсастықтарымен бірге айырмашылықтары да бар. Қазақ тілінде жалпы шылауларды септеулік, жалғаулық, демеулік деп үш топқа бөліп қарастырса, түрік тілінде септеуліктер мен демеуліктер бір сөз табы ретінде қарастырылады да, жалғаулықтар дербес бір сөз табы ретінде қарастырылады. Түрік тіліндегі одағайлар да (*ünlem edatları*) шылау сөз табының бір тармағы ретінде қарастырылса, қазақ тілінде одағайлар өзінше жеке бір сөз табы ретінде қарастырылады. Қазақ тілінде жалғаулық шылаулардың терминдік атауы бір ізге түскен, ал түрік тілінің терминдік атауында әртүрлілік орын алып отыр. Қазақ тілінде жалғаулық шылаулар мағынасына қарай салаластырғыш және сабақтастырғыш деп бөлінеді, салаластырғыш жалғаулық шылаулар өз ішінде ыңғайластық, талғаулықты жалғаулықтар деп екіге бөлінеді. Сабақтастырғыш жалғаулықтар өз ішінде қарсылықты, себеп, салдар, шарт, ұштастырғыш, айқындағыш болып алты топқа бөлінеді. Түрік тілінде, жоғарыда көрсеткеніміздей, жалғаулық шылаулар мағынасына қарай бір әдебиеттерде тоғыз, енді бірінде он бір, басқа бір еңбектерде жиырмаға дейінгі мағыналық топты құрайды. Жалпы, түбі бір туысқан тілдердің арасындағы мұндай алшақтыққа қазақ тілі грамматикасының орыс грамматикасының негізінде, ал түрік тілі грамматикасының француз грамматикасының негізінде жазылғаны себеп болып отыр. Екі тілде сөйлем құрылысы ұқсас болғанымен, ғылыми тұрғыда зерттелуі мүлдем басқа. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыру үшін келешекте ортақ бір грамматика жазылса деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / А. Байтұрсынов. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 448 б.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ. Жұбанов. — Алматы: Ғылым, 1970. — 140 б.
- 3 Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары / Н.Т. Сауранбаев. — Алматы: Ғылым, 1982. — 352 б.
- 4 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы / С. Аманжолов. — Алматы: Санат, 1994. — 320 б.
- 5 Әміров Р. Қазақ тіліндегі жалғаулықтар / Р. Әміров. — Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 1959. — 70 б.
- 6 Балақаев М. Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері / М. Балақаев. — Алматы: Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, 1941. — 32 б.
- 7 Төлеуов Ә. Сөз таптары / Ә. Төлеуов. — Алматы: Мектеп, 1982. — 127 б.
- 8 Әбуханов Ғ. Қазақ тілі / Ғ. Әбуханов. — Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 1960. — 451 б.
- 9 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология) / А. Ысқақов. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 384 б.
- 10 Исаев С.М. Қазақ тілі: оқу құралы / С.М. Исаев. — Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. — 208 б.
- 11 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері (Университеттер мен педагогикалық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы) / К. Аханов. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 1972. — 216 б.
- 12 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: оқу құралы / К. Аханов. — Алматы: «Санат», 1996. — 240 б.
- 13 Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі / Т. Сайрамбаев. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. — 640 б.
- 14 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі / М. Балақаев. — Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. — 237 б.
- 15 Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Basım. 2. bs. Yayın Bilgisi / T. Banguoğlu. — İstanbul: Dergah Yayınları, 1979. — 339 s.
- 16 Banguoğlu T. Türkçenin Grameri / T. Banguoğlu. — İstanbul: TDK Yayınları, 2004. — 794 s.
- 17 Hacıeminoğlu N. Türk Dilinde Edatlar / N. Hacıeminoğlu. — İstanbul: M. E. B. Yayınları, 1984. — 335 s.
- 18 Ergin M. Türk Dil Bilgisi / M. Ergin. — İstanbul: Boğaziçi Yay., 5. Baskı, 1993. — 400 s.
- 19 Ediskun H. Türk Dilbilgisi / H. Ediskun. — İstanbul: Remzi Kitabevi, 1988. — 408 s.
- 20 Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi / M. Hengirmen. — Ankara: Engin Yayınevi, 2002. — 126 s.
- 21 Gencan T. Dilbilgisi / T. Gencan. — Ankara: Ayraç Yayınevi, 2001. — 638 s.
- 22 Korkmaz Z. Türkçede Eklerin Kullanılış şekilleri ve Ek Kalıplaşması Olayları / Z. Korkmaz. — Ankara: Ankara: TDK Yay, 1969. — 1699 s.

- 23 Korkmaz Z. Türkiye Türkçesinin Grameri (Şekil Bilgisi) / Z. Korkmaz. — Ankara: TDK Yay, 2007. — 1028 s.
- 24 Eckman J. Çağatayca El Kitabı (Çev. : Günay Karaağaç) / J.Eckman. — Ankara: Akçağ Yayınları, 2005. — 282 s.
- 25 Adalı O. Türkiye Türkçesinde Biçimbirimler / O. Adalı. — Ankara: TDK Yay., 1979. — 117 s.
- 26 Demircan Ö. “Türkçede Bağlam İşlevleri ve Bağlayıcılar” / Ö.Demircan // Türk Dilbilim Konferansı Bildirileri. 9-10 Ağustos 1984. Boğaziçi Üniversitesi Yayınları, s. 31–48.
- 27 Von Gabain A. Eski Türkçenin Grameri (çev. Mehmet Akalin). 2. Bs. / A. Von Gabain. — Ankara: TDK Yay, 1988. — 313 s.
- 28 Yavuz S. Türkiye Türkçesi Ağızlarında Bağlaçlar. Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü (Yayımlanmamış Doktora Tezi). S.Yavuz. — Elazığ. 2010. — 687 s.
- 29 Banguoğlu T. Anahatlarile Türk Grameri / T. Banguoğlu. — İstanbul: Dergah Yay., 1940. — 384 s.
- 30 Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. 3. Bs. / M. Hengirmen — Ankara: Engin Yay., Ankara. 1998. — 621 s.
- 31 Korkmaz Z. Gramer Terimleri Sözlüğü / Z. Korkmaz. — Ankara:TDK Yay., 2003. — XXIV+296 s.
- 32 TDK. Güncel Türkçe Sözlük. TDK Yay, 1998. — 828 s.
- 33 Topaloğlu A. Dil Bilgisi Terimleri Sözlüğü / A. Topaloğlu. — İstanbul:Ötüken Yay, 1989. — 230 s.
- 34 Vardar B. Açıklamalı Dilbilim Terimleri Sözlüğü / B. Vardar. — İstanbul: Multilingual, 2002. — 310 s.
- 35 Казем-Бек А. Грамматика турецко-татарского языка. Составленная ординарным профессором мирзою Александром Казем-Бекком / А. Казем-Бек. — Казань: Унив. типогр., 1839. — 523 с.
- 36 Батманов И.А. Части речи в киргизском языке: материалы к стандартной схеме морфологии киргизского языка / И.А. Батманов. — Фрунзе: Киргизгосиздат, 1936. — 48 с.
- 37 Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика, грамматика. — Алматы: Ғылым, 1954. — 564 б.
- 38 Момынова Б.Қ. Қазақ тілінің морфологиясы: оқу құралы / Б.Қ. Момынова, Ж.Б. Саткенова. — Алматы: Қазақ университеті, 2020. — 279 б.
- 39 Балақасев М. Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері / М. Балақасев. — Алматы: Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, 1941. — 32 б.
- 40 Қазақ тілінің грамматикасы. Т. 1. — Алматы: ҚазССР «Ғылым» баспасы, 1967. — 264 б.
- 41 Nacieminoğlu N. Türk Dilinde Edatlar. — İstanbul: Milli Eğitim Bakanlığı Yay., 1992. — 337 s.
- 42 Delice H. İbrahim. Sözcük Türleri. — İstanbul: Asitan Kitap, 2017. — 279 s.
- 43 Doğan A. Türkiye Türkçesinde Edatlar. — İstanbul: Kriter Kitapevi, 2021. — 323 s.
- 44 Daşdemir M. Oklama Yöntemiyle Türkçenin Yapısal İşlevsel Söz Dizimi / M. Daşdemir. — Erzurum: Eser Basım Yayın Dağıtım Matbaacılık, 2014. — 288 s.

Б.А. Жунусова

Союзы в казахском и турецком языках

Союз — служебная часть речи, занимающая определенное место среди вспомогательных слов в языке. Хотя союзы не имеют самостоятельного лексического значения, они обладают определенным грамматическим значением в предложении и связывают между собой слова, фразы и предложения. Таким образом, сохраняя смысловую связь между словами и предложениями, они вносят свой вклад в систематическую передачу, не утрачивая при этом связность произношения. Следовательно, присоединительные союзы — это грамматические слова, которые соединяют несколько слов, фраз и предложений друг с другом, создавая связи между ними на разных уровнях. С этой точки зрения союзы повышают коммуникативную способность синтаксиса тюркских языков. Мысли, которые не могут быть выражены одним словом или одним предложением, усложняются и систематизируются союзами, становясь эстетически единым повествованием. В статье присоединительные союзы определяются на основе грамматических книг и художественных текстов, изданных на казахском и турецком языках, определяются их структура, смысловая группа и функции. Автором отмечено сходство и различие присоединительных союзов в казахском и турецком языках. В этом контексте подробно изучены классификация структуры и функции союзов в указанных языках.

Ключевые слова: казахский язык, турецкий язык, служебные слова, союз, лексическое значение, грамматическое значение, семантическая классификация, морфологический состав, терминологическое название, гипотаксис.

B.A. Zhunussova

Unions in Kazakh and Turkish languages

Conjunctions belong to a group of words that occupy a place among auxiliary words in the language. Although conjunctions do not have a certain independent lexical meaning, they have a certain grammatical meaning in a sentence and link words, phrases and sentences together. Thus, by maintaining the semantic connection between the word and the sentence, they contribute to the systematic transmission, while maintaining the coherence of pronunciation. Therefore, connective conjunctions are grammatical words that connect several words, phrases, and sentences in a sentence to each other, creating connections between them at different levels. From this point of view, conjunctions enhance the communicative ability of the syntax of Turkic languages. Thoughts that cannot be expressed in one word or one sentence are complicated and systematized by conjunctions, becoming an aesthetically unified narrative. In the article, the connective conjunctions are determined on the basis of grammatical books and literary texts published in Kazakh and Turkish, their structure, semantic group and functions are determined. It tells about the similarities and differences of the connective conjunctions in the Kazakh and Turkish languages. In this context, the classification of the structure and function of conjunctions in the Kazakh and Turkish languages is considered in detail. Thus, we believe that this work will contribute to the study of conjunctions in Kazakh and Turkish languages.

Keywords: Kazakh language, Turkish language, functional words, conjunction, lexical meaning, grammatical meaning, semantic classification, morphological composition, terminological name, hypotaxis.

References

- 1 Baitursynov, A. (1992). *Til tagylymy [Language lessons]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 2 Zhubanov, Q. *Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Research in the field of Kazakh language]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 3 Sauranbaev, N.T. (1982). *Qazaq til biliminin problemalary [Problems of Kazakh linguistics]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 4 Amanzholov, S. (1994). *Qazaq adebi tili sintaksisining qysqasha kursy [A short course in Kazakh literary language]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 5 Amirov, R. (1959). *Qazaq tilindegi zhalgaulyqtar [Unions in Kazakh language]*. Almaty: Qazaq memlekettik oqu-pedagogikalyq baspasy [in Kazakh].
- 6 Balakaev, M. (1941). *Qazaq tili grammatikasynyn keibir maseleleri [Some problems of Kazakh grammar]*. Almaty: Qazaqtyng birikken memlekettik baspasy [in Kazakh].
- 7 Toleuov, A. (1982). *Soz taptary [Part of speech]*. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 8 Abuhanov, G. (1960). *Qazaq tili [Kazakh language]*. Almaty: Qazaq memlekettik oqu-pedagogikalyq baspasy [in Kazakh].
- 9 Ysraqov, A. (1991). *Qazirgi qazaq tili (morfologiya) [Modern Kazakh language (morphology)]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 10 Isaev, S.M. (2007). *Qazaq tili [Kazakh language]*. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 11 Akhanov, K. (1972). *Grammatika teoriiasynyn negizderi (Universitetter men pedagogikalyq instituttardyn filologiya fakultetterine arnalgan oqu quraly)[Fundamentals of the theory of grammar (Textbook for philological faculties of universities and pedagogical institutes)]*. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 12 Akhanov, K. (1996). *Grammatika teoriiasynyn negizderi [Fundamentals of the theory of grammar]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 13 Sairambaev, T. (2010). *Qazaq til biliminin maseleleri. Soz tirkisi [Problems of Kazakh linguistics. Word formation]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 14 Balakaev, M. (2006). *Qazirgi qazaq tili: Soz tirkisi men zhai soilem sintaksisi [Modern Kazakh language: a phrase and a simple sentence]*. Astana: L.N. Gumilev atyndagy Euraziia ulttyq universiteti [in Kazakh].
- 15 Banguoğlu, T. (1979). *Türkçenin Grameri. Basım. 2. bs. Yayın Bilgisi*. İstanbul: Dergah Yayınları [in Turkish].
- 16 Banguoğlu, T. (2004). *Türkçenin Grameri*. İstanbul: TDK Yayınları [in Turkish].
- 17 Hacıeminoğlu, N. (1984). *Türk Dilinde Edatlar*. İstanbul: M. E. B. Yayınları [in Turkish].
- 18 Ergin, M. (1993). *Türk Dil Bilgisi*. İstanbul: Boğaziçi Yay [in Turkish].
- 19 Ediskun, H. (1988). *Türk Dilbilgisi*. İstanbul: Remzi Kitabevi [in Turkish].
- 20 Hengirmen, M. (2002). *Türkçe Dilbilgisi*. Ankara: Engin Yayınevi [in Turkish].
- 21 Gencan, T. (2001). *Dilbilgisi*. Ankara: Ayraç Yayınevi [in Turkish].
- 22 Korkmaz, Z. (1969). *Türkçede Eklerin Kullanılış şekilleri ve Ek Kalıplaşması Olayları*. Ankara: Ankara: TDK Yay [in Turkish].
- 23 Korkmaz, Z. (2007). *Türkiye Türkçesinin Grameri (Şekil Bilgisi)*. Ankara: TDK Yay [in Turkish].

- 24 Eckman, J. (2005). *Çağatayca El Kitabı* (Çev.: Günay Karaağaç). Ankara: Akçağ Yayınları [in Turkish].
- 25 Adalı, O. (1979). *Türkiye Türkçesinde Biçimbirimler*. Ankara: TDK Yay [in Turkish].
- 26 Demircan, Ö. (1984). Türkçede Bağlam İşlevleri ve Bağlayıcılar. In *Türk Dilbilim Konferansı Bildirileri* (pp. 31–48). Boğaziçi Üniversitesi Yayınları [in Turkish].
- 27 Von Gabain, A. (1988). *Eski Türkçenin Grameri* (çev. Mehmet Akalin). (Vol. 2). Ankara: TDK Yay [in Turkish].
- 28 Yavuz, S. (2010). *Türkiye Türkçesi Ağzlarında Bağlaçlar*. Elazığ [in Turkish].
- 29 Banguoğlu, T. (1940). *Anahatlarile Türk Grameri*. İstanbul: Dergah Yay [in Turkish].
- 30 Hengirmen, M. (1998). *Türkçe Dilbilgisi* (Vol. 3). Ankara: Engin Yay [in Turkish].
- 31 Korkmaz, Z. (2003). *Gramer Terimleri Sözlüğü*. Ankara: TDK Yay [in Turkish].
- 32 (1998). TDK. Güncel Türkçe Sözlük. TDK Yay [in Turkish].
- 33 Topaloğlu, A. (1989). *Dil Bilgisi Terimleri Sözlüğü*. İstanbul: Ötüken Yay [in Turkish].
- 34 Vardar, B. (2002). *Açıklamalı Dilbilim Terimleri Sözlüğü*. İstanbul: Multilingual [in Turkish].
- 35 Kazem-Bek, A. (1839). *Grammatika turetsko-tatarskogo yazıka* [Grammar of the Turkish-Tatar language]. Kazan: Universitetskaya tipografiya [in Russian].
- 36 Batmanov, I.A. (1936). *Chasti rechi v kirgizskom yazıke: materialy k standartnoi skheme morfologii kirgizskogo yazıka* [Parts of speech in the Kyrgyz language: materials for the standard morphology scheme of the Kyrgyz language]. Frunze: Kirgizgosizdat [in Russian].
- 37 (1954). *Qazirgi qazaq tili. Leksika, fonetika, grammatika* [Modern qazaq language. Lexicon, phonetics, grammar]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 38 Momynova, B.Q. & Satkenova, Zh.B. (2020). *Qazaq tilining morfologiasy* [Morphology of Kazakh language]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 39 Balakaev, M. (1941). *Qazaq tili grammatikasynyng keibir maseleleri* [Some problems of grammar of Kazakh language]. Almaty: Qazaqtyng birikken memlekettik baspasy [in Kazakh].
- 40 (1967). *Qazaq tilining grammatikasy* [Some problems of grammar of Kazakh language]. (Vol. 1). Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 41 Hacıminoğlu, N. (1992). *Türk Dilinde Edatlar*. İstanbul: Milli Eğitim Bakanlığı Yay [in Turkish].
- 42 Delice, H. (2017). *İbrahim. Sözcük Türleri*. İstanbul: Asitan Kitap [in Turkish].
- 43 Doğan, A. (2021). *Türkiye Türkçesinde Edatlar*. İstanbul: Kriter Kitapevi [in Turkish].
- 44 Daşdemir, M. (2014). *Oklama Yöntemiyle Türkçenin Yapısal İşlevsel Söz Dizimi*. Erzurum: Eser Basım Yayın Dağıtım Matbaacılık [in Turkish].

Information about the author

Zhunosova, Bayan Amanzholovna — Doctoral student, Department of Turkish language and literature, Institute of Turkology, Ataturk University, Erzurum, Turkey.